

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 1180 Қаулысы

Ескерту. 1, 3-тармақтарды қоспағанда, күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті құрылсын.

2. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.05.07 N 429 Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Сауда қызметін реттеу комитеті Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Сауда комитеті деп қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж. , N 47, 5 8 6 - құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6 - т а р м а қ т а :

1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшалар алынып тасталсын;
1 0) тармақшада :

"Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту" деген сөздер "Инвестиция және өнеркәсіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Сауда қызметін реттеу" деген сөздер алынып тасталсын;
7 - т а р м а қ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің қарамағындағы үйымдардың тізбесіндегі:

"Акционерлік қоғамдар" деген бөлімде:
реттік номірі 12-жол алынып тасталсын;

реттік номірі 13-жол ", Астана қаласы" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

тақырыбындағы "Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту" деген сөздер "Инвестиция және өнеркәсіп" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 4-тармакқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындастын шараларды қабылдасын.

6 . О с ы қ а у л ы м ы на л а р д ы :

1) осы қаулы қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 4-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацын, 2) тармақшасының төртінші, алтыншы, сегізінші, он төртінші абзацтарын;

2) 2008 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулыға қосымшаның 13-тармағының 24), 25), 26), 36), 37), 38), 39), 40), 41), 62) тармақшаларын және 14-тармағының 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38), 98), 100) тармақшаларын;

3) 2008 жылғы 9 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулыға қосымшаның 14-тармағының 51) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкіметтің ініш

2007

жылғы

N

1180

қосымша

Қазақстан

Үкіметтің ініш

2004

жылғы

N

1237

бекітілген

Республикасы

5 желтоқсандағы
қаулысына

Республикасы

26 карашадағы
қаулысымен**Қазақстан****Индустрія және сауда****Республикасы****министрлігі туралы****Ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) индустриялық, оның ішінде қорғаныс-өнеркәсібі, елді ғылыми-техникалық, инновациялық дамыту арнайы экономикалық аймақтарды реттеу саласында, сондай-ақ сауда қызметтің, кәсіпкерлікті дамыту, құрылыш, сәулет, қала құрылышы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, инвестицияларды мемлекеттік қолдау және қаржы ұйымдары бәсекелестігін қорғау мен олардың монополиялық қызметтің шектеу саласын қоспағанда, бәсекелестікті қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді (бұдан әрі - реттелетін сала) жузеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

Сауда комитеті, Экспорттық бақылау және лицензиялау комитеті, Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, Инвестиция және өнеркәсіп комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті, Бәсекелестікті қорғау комитеті.

2. Министрлік өз қызметтің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жузеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Министрліктің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілдеп болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Министрліктің штат санының лимитін Министрдің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Министрліктің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 000001, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

8. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Министрліктің қызметтің қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. Министрлікке Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түргысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері мен функциялары

12. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру:

мемлекеттің индустриялық дамуы, оның ішінде елдің индустриялық дамуы үшін жағдайлар жасау бойынша; арналы экономикалық аймактарды құруды, олардың жұмыс істеуін және таратылуын мемлекеттік реттеу, экспорттық бақылау, елдің ғылыми-технологиялық дамуы, оның ішінде ғылыми-технологиялық өзірлемелерді енгізу (ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану) және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде ел экономикасын дамыту үшін жағдайлар жасау;

құрылышты, тұргын үй-коммуналдық саланы дамыту, оның ішінде құрылыш саласы мен тұргын үй-коммуналдық саланы дамыту мен реформалау үшін жағдайлар жасау;

техникалық реттеу мен өлшемдер бірлігін дамыту, сауда қызметін дамыту, оның ішінде теңгерімді кеден-тариф саясатын жүргізу және тауарлардың импорты кезінде ішкі нарыкты корғау жолымен отандық өндірісті дамыту және колдау үшін жағдайлар жасау және ұлттық сауда режимін ырықтандыру деңгейін ұлғайту;

Казақстанның сыртқы сауда-экономикалық қатынастарын дамыту, оның ішінде сауда қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау;

жеке кәсіпкерлікті дамыту мен колдау және бәсекелестікті, оның ішінде қаржы ұйымдарының бәсекелестігін корғау мен олардың монополиялық қызметін шектеу саласын қоспағанда, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу жолымен бәсекелестікті корғау;

мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы;

2) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;

3) ұйымдық және экономикалық, оның ішінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін шарттарды құру жолымен инновациялық қызметті ынталандыру;

4) экономиканы дамыту және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құру, жұмыс жасап тұрган өндірістерді ұлғайту мен жаңартуға инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау;

5) реттелетін салада салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

6) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

13. Министрлік қолданыстағы заңнамаға және оған жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асыраады:

1) индустриялық дамыту, оның ішінде тау-кен-металлургиялық, химия, өнердеу, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, ірі ауыл шаруашылығы машиналарын жасау мен қорғаныс өнеркәсібі, құрылыш материалдары өнеркәсібі, сондай-ак сауданы дамыту саласы, құрылыш және тұргын үй коммуналдық сала, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігі, ғылыми-техникалық, инновациялық және инвестициялық қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ак оны реттеуді жүзеге асырады;

2) реттелетін салада халықаралық ынтымактастықты жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;

4) реттелетін салада бағдарламалық құжаттарды әзірлейді және келіседі;

5) реттелетін салада мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді, оның ішінде реттелетін салада мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың орындалуын үйлестіреді;

6) сауда қызметін дамыту бойынша, сондай-ак тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау, Казақстан Республикасының сауда қызметі саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

7) сауда қатынастарын жетілдіру мақсатында жеке және занды тұлғалардың ұсыныстарын талдайды және зерделейді;

8) тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

9) биржалар қызметін және биржалық сауданы дамытуды талдауды жүзеге асырады;

10) Биржалық сауданың үлгі ережесін бекітеді;

11) биржалық құжаттарды дайындау бойынша әдістемелік ұсыныштарды әзірлейді;

12) демпингтік тауарды жеткізушілердің сауда тәжірибесін демпингке қарсы реттеуге жалпы басшылықты жүзеге асыраады;

13) елеулі залал көлтіру фактілері бойынша жеткізушілердің сауда тәжірибесін мемлекеттік реттеуді және оның мониторингін жүзеге асыраады;

14) өз құзыреті шегінде талқылау рәсімдері бойынша нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

15) республикалық көрмелер мен жәрменкелерді өткізуге және оған қатысуға бастамашылық жасайды;

16) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген санаттар бойынша қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін жүзеге асыруға койылатын жалпы талаптарды айқындейді;

17) халықаралық сауда үйымдарымен келіссөздерде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан түседі;

18) сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеудің шараларын қолдану жөнінде ұсыныс әзірлейді;

19) Қазақстан Республикасындағы экспорттық бақылау жүйесін жетілдіреді;

- 20) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарымен бірлесіп, өнім номенклатурасын (тізімін) әзірлейді;
- 21) Қазақстан Республикасының қорғаныстық тапсырысын қалыптастырыады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады және бекітілген тапсырмаларды мемлекеттік тапсырыс берушілер мен орындаушыларға хабарлайды;
- 22) өнеркәсіпті, оның ішінде тау-кен-металлургия, химия, өндеу, фармацевтика және медицина өнеркәсібін, сондай-ақ ірі ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды реттеуді жүзеге асырады;
- 23) қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуі, қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыруды үйлестіреді;
- 24) техникалық регламентті бекітуді қоспағанда, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді немесе келіседі;
- 25) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласында қатерлерді бағалау бағдарламаларын әзірлейді;
- 26) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды анықтау мақсатында тұтыну нарығының мониторингін және оларды сатуға жол бермеу жөніндегі шараларды пысықтауды жүзеге асырады;
- 27) арнайы экономикалық аймақтардың құру, жұмыс істеуі және тарату саласындағы оператор компанияны айқындау ережесін әзірлейді және арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамаға сәйкес оператор компанияны айқындаиды;
- 28) арнайы экономикалық аймақтардың аумағында қызметтің жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды жіберу ережесін әзірлейді және бекітеді;
- 29) арнайы экономикалық аймақтардың қызметтің регламенттейтін мынадай құжаттарды:
- арнайы экономикалық аймақтардың құруға арналған өтінімдердің нысандарын;
- үәкілетті орган мен оператор компания арасындағы, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ қатысуышыларының қызметтің жүзеге асыру тәртібін реттейтін оператор компания мен арнайы экономикалық аймақтың қатысуышы арасындағы үлгі шарттарды бекітеді;
- 30) арнайы экономикалық аймақ туралы тұжырымдаманы, экономикалық негізdemен және ереже жобасын жасау жөніндегі талаптарды белгілеуді;
- 31) арнайы экономикалық аймақтардың құру, жұмыс істеуі және тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;
- 32) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақтарды мерзімінен бұрын тарату туралы ұсыныс енгізеді;
- 33) инновациялық қызметтің басым бағыттары бойынша, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 34) технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктардің персоналына және оғиштеріне, өндірістік үй-жайларына қойылатын талаптарды айқындаиды;
- 35) бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттарды ұсынудың және өнеркәсіптік меншік объектілерін енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы есептерді ұсынудың ережелерін, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу ережесін, бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттарды алуға арналған өтінімдерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама және экономикалық сараптама жүргізу ережесін әзірлейді;
- 36) салалық бағыттылыққа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;
- 37) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу және химиялық өнімді техникалық реттеу саласындағы ұсыныстарды дайындау үшін сараптама кеңестерін құрады;
- 38) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы, оның ішінде химиялық өнімнің қауіпсіздігі проблемалары бойынша зерттеулердің көздейтін салалық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;
- 39) химиялық өнімді өндіру және қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етудің нормаларын бекітеді;
- 40) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық құжаттаманы келіседі;
- 41) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына және техникалық регламенттерге сәйкес келмейтін химиялық өнімді анықтау мақсатында тұтыну нарықтарының мониторингін жүргізеді және оны сатуға жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлейді;
- 42) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер және алдағы жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасы туралы жер қойнауын пайдаланушылар есебінің нысанын бекітеді;
- 43) құзыретті органмен келісім бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге немесе келісім-шартпен байланысты заңнама қызметке қатысты қазақстандық қатысуды есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- 44) құзыретті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасында дамып келе жатқан басымды жоғары

технологиялық

өндірістердің

тізбесін

бекітеді;

45) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқаруышы органдарының облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің ері жер қойнауын пайдалану саласындағы оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыру жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

46) инвестициялық преференцияларды ұсынуға арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және карау тәртібін айқындауды;

47) инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасауға қойылатын талаптар белгілейді;

48) құрылым объектілеріне техникалық кадағалауды жүзеге асыру ережесін әзірлейді және бекітеді;

49) астананың әкімдігімен келісім бойынша:

сәулет, қала салу және құрылым қызметін ерекше реттеу ережесін, сондай-ақ, астананың аумағында және қала маңындағы аймақтарда қала салу регламентациясын;

қолда бар ғимараттар мен құрылымдарды қайта жөндеу, оның ішінде, мансардтық және тұрғын жайлардың үлгілік қабаттарының салыну процесін реттеу ережесін бекітеді;

50) егер, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, құзыретіне бұл мәселелер енгізілген басқа да орталық атқаруышы органдармен келісім бойынша сәулет, қала салу және құрылым қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданыска енгізу (қолданысын тоқтата тұру, жою) тәртібін белгілейді;

51) құрылым салудың аумақтық ережесін әзірлеу тәртібін айқындауды;

52) құрылым сапасына жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша жасалған және жұмысы тексерілген мердігерге (бас мердігерге), сондай-ақ, тапсырыс берушіге (меншік иесіне) берілетін анықталған ақауларды сипаттай отырып, объектілердің анықтамасы мен ведомостерінің нысанын белгілейді;

53) бағалы сәулет-қала салу мұрасын сақтауды, сәулетте және қала құрылымында ұлттық және мәдени дәстүрлерді дамытуды ескере отырып, аумақтарды және елді мекендерді игеру мен дамытудың басым бағыттары жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуді;

54) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

55) сәулет, қала салу және құрылым қызметін мемлекеттік реттеу әдістерін әзірлейді;

56) шағын елді мекендерді дамыту мен салудың схемаларын әзірлеу және келісу тәртібін бекітеді;

57) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды әзірлейді;

58) жобалар мен техникалық регламенттерді талдауды және техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа және "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағында көзделген максаттарға сәйкестігіне сараптама жүргізуі ұйымдастырады;

59) техникалық реттеу саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

60) техникалық регламенттермен үйлестірілген стандарттарды талдауды және әзірлеуді жүзеге асырады;

61) реттелетін саладағы техникалық регламенттерді әзірлейді және келіседі;

62) халықаралық талаптарға сәйкес орнатылатын химиялық өнімді ескерту таңбалаша кезінде көрсетілуі тиіс қауіптіліктің стандартты нышандарының тізбесін бекітеді;

63) техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

64) метрология саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуі ұйымдастырады;

65) Қазақстан Республикасының метрологиялық қызмет жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;

66) мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің жұмысын жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттарды келіседі;

67) өлшемдер бірлігінің мемлекеттік эталондарын бекітеді;

68) Қазақстан Республикасының шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын, шама бірліктерінің эталондарын жасау, бекіту, сақтау, қолдану және салыстыру ережесін белгілейді, шама бірліктерінің эталондық базасын жетілдіреді;

69) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға рұқсат етілуі мүмкін бірліктердің халықаралық жүйесіне кірмейтін шамаларды айқындауды;

70) өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу тәртібін айқындауды және бекітеді;

71) өлшем құралдарын қолдану, өндіру және жөндеу тәртібін айқындауды;

72) өлшем құралдарының типтерін бекіту туралы сертификаттардың, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттардың, өлшем құралдарын салыстыра тексеру туралы сертификаттардың нысандарын белгілейді;

73) салыстыра тексеру таңбалашын дайындаудың, сақтаудың және қолданудың тәртібін белгілейді;

74) өлшем құралдарына техникалық құралдардың тиестілігін белгілеу тәртібін айқындауды;

75) Шамалар мен салмақтар жөніндегі бас конференция қабылдаған және Халықаралық заңнама метрологиясы үйлемі

ұсынған Бірліктердің халықаралық жүйесінің шама бірліктерін Қазақстан Республикасының аумағына жіберу тәртібін б е л г і л е й д і ;

76) өлшем құралдарын салыстыра тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту және қолдану тәртібін айқындайды;

77) өлшемдерді орындаудың әдістемелерін әзірлеу және метрологиялық аттестациялау, сондай-ақ заңды тұлғалардың өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау құқығына аккредиттеу тәртібін айқындайды;

78) өлшем құралдарын салыстыра тексеру және калибрлеу, қызметтің бұл түрін аккредиттеген заңды тұлғалар жузеге асыратын өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау тәртібін белгілейді;

79) өлшем құралдарын салыстыра тексерудің тізбесі мен мерзімділігін, сондай-ақ оны жүргізуін тәртібін айқындаиды ;

80) тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебін жүзеге асыру және оларды өлшем құралдарын салыстыра тексеру құқығына аккредиттеген заңды тұлғалардың мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталығына беру тәртібін белгілейді;

81) салыстыра тексерушілерді аттестаттау тәртібін айқындайды;

82) аккредиттеуге жататын өлшем құралдарының бірлігін қамтамасыз ету саласындағы жұмыстар мен қызметтердің т і з б е с і н айқындаиды ;

83) сәйкестікті растау, тауардың шыққан елін айқындау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы аудиторларды аттестаттау тәртібін айқындаиды ;

84) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарының с ы н ы п т а м а с ы н беру тәртібін белгілейді ;

85) өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлауды ұйыымдастырады ;

86) стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы хабарламаларды толтыру және ұсыну нысанын, тәртібін айқындаиды ;

87) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, жұмыс, тарату тәртібін белгілейді;

88) сәйкестікті, оның ішінде, шетелдік сәйкестікті растау жөніндегі органдарды аккредиттеу тәртібін белгілейді;

89) сәйкестікті растау жөніндегі органдар филиалдарының сәйкестікті растау жөніндегі орган құрамында аккредиттеу тәртібін беру тәртібін белгілейді ;

90) сәйкестікті растау схемасына сәйкес оның белгіленген талаптарға сәйкес еместігі анықталған, берілген сәйкестік сертификаттарының күші немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеу күні тоқтата тұрылған немесе жойылған жағдайда сәйкестікті міндетті растаудан өткен өнімге инспекциялық тексеру жүргізу тәртібін белгілейді;

91) зертханаларды аккредиттеу тәртібін белгілейді;

92) сынақтарды жүргізу жөніндегі зертханалардың құқық қабілетінің туындау және тоқтату тәртібін белгілейді;

93) зертханалар жұмысының нәтижелерін ресімдеудің және берудің тәртібі мен нысанын белгілейді;

94) стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нормативтік құжаттарды, стандарттар мен олар туралы ақпараттардың каталогтары мен көрсеткіштерін басу және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету тәртібін белгілейді ;

95) тауардың шыққан елін айқындау жөніндегі сарапшы аудиторлар қызметінің тәртібін белгілейді;

96) сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және аккредиттеу жөніндегі сарапшы аудиторлар зертханаларын аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысу тәртібін белгілейді;

97) тауардың шыққан елін айқындау, сәйкестікті және аккредиттеуді растау, сарапшы аудитордың аттестатын беру, тоқтата тұру немесе жою жөніндегі сарапшы аудиторларды дайындаудың және аттестаттаудың біліктілік талаптарын, тәртібін беру тәртібін белгілейді ;

98) мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, келісу, қабылдау, есепке алу, өзгерту және жою тәртібін белгілейді;

99) тауардың шыққан елін айқындау жөніндегі тәртіпті белгілейді және сертификат береді;

100) мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың сыйыптамаларын әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, жою және қолданысқа енгізу тәртібін белгілейді;

101) Қазақстан Республикасының аумағында стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі шетелдік мемлекеттердің халықаралық, өнірлік және ұлттық стандарттарын, техникалық-экономикалық ақпараттың сыйыптамаларын және ұсынымдарын есепке алу және қолдану тәртібін белгілейді;

102) мемлекеттік стандарттаудың жоспарларын әзірлеу тәртібін белгілейді;

103) өнімді таңбалау тәртібін белгілейді;

104) сәйкестікті және зертханаларды растау жөніндегі органдарды аккредиттеу тәртібін белгілейді;

105) тауардың шыққан елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілейді және оны дайындауды ұйыымдастырады ;

- 106) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің ережесін әзірлейді;
- 107) ұйымдардың стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару тәртібін б е л г і л е й д і ;
- 108) стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту тәртібін белгілейді;
- 109) мемлекеттік стандарттаудың жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту тәртібін белгілейді;
- 110) шетелдік ұлгідегі сәйкестікті раставу саласындағы құжаттарды беретін шетелдік және халықаралық ұйымдарды е с е п т і к т і р к е у т ә р т і б і н б е л г і л е й д і ;
- 111) сәйкестік сертификатын толтыру нысаны мен тәртібін белгілейді;
- 112) сәйкестік белгісін бейнелеуді, оған қойылатын техникалық талаптарды және оны таңбалу тәртібін әзірлейді, б е к і т е д і ж ә н е б е л г і л е й д і ;
- 113) сәйкестік туралы декларация нысанын, декларацияны ресімдеу және тіркеу тәртібін белгілейді;
- 114) шетелдік сәйкестік сертификаттарын, сынақтар хаттамаларын, сәйкестік белгілерін және сәйкестікті раставу саласындағы өзге құжаттарды тану тәртібін айқынрайдай;
- 115) заңды тұлғалардың өтінімдері бойынша субъектілерді аккредиттеу тәртібін белгілейді;
- 116) техникалық регламенттермен белгіленген талаптарды бұзушылықтарды жою туралы немесе өнімдерді сатуға тыйым салу және оларды беру тәртібі туралы нұсқамалардың нысандарын белгілейді;
- 117) стандарттау, сәйкестікті раставу және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өнірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіреді, халықаралық және өнірлік стандарттау, сәйкестікті раставудың нәтижелерін өзара тану бойынша ж ұ м ы с т а р ғ а қ а т ы с а д ы ;
- 118) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармаларын раставуды ұ ғ ы м д а с т ы р а д ы ;
- 119) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелерінде инвесторлар, грант беруші халықаралық ұйымдар үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы ;
- 120) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұ с ы н ы с т а р ғ а ә з і р л е й д і ;
- 121) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын мемлекеттік органдар мен олардыңлауазымды тұлғалары жол берген бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Президенті м е н У к і м е т і н е х а б а р л а й д ы ;
- 122) кәсіпкерлік саласындағы сараптамалық кеңестердің жұмысына талдау және мониторинг жүргізу үшін үйлестіру к е н е с і н қ ұ р а д ы ;
- 123) мемлекеттік органдардыңлауазымды тұлғаларының тексеру (бақылау) жүргізу факті туралы міндепті белгі салу үшін барулар мен тексерулерді есепке алу кітабының үлгісін белгілейді;
- 124) шағын кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р ғ а ә з і р л е й д і ;
- 125) шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насиҳаттайды;
- 126) кәсіпкерлік ортага, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамыту инфрақұрылымына талдау жүргізеді;
- 127) жеке кәсіпкерлік қызметі саласында зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;
- 128) шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларын орындауды ұйымдастырады және ү ғ լ ე с т і р е д і ;
- 129) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек ұйымдастырады;
- 130) шағын кәсіпкерліктің инновациялық, инвестициялық және индустримальық дамуының мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысу үшін жағдайлар жасайды;
- 131) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің халықаралық тауар (жұмыстар, қызметтер) нарықтарына шығуы үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы ;
- 132) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптамалық кеңестер қызметін ү ғ լ ე с т і р ү д і ж ү з е г е а с ы р а д ы ;
- 133) республика өнірлерінде шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді;
- 134) акпараттық-тұсаукесер іс-шараларын, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу мәселелері бойынша мәжілістер ұйымдастырады және еткізеді;
- 135) бәсекелестікті және кәсіпкерлікті дамыту негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 136) тиісті тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеу мониторингін ж ү з е г е а с ы р а д ы ;
- 137) Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында бәсекелестікті дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу

жөнінде мемлекеттік органдарға ұсынымдар береді;

138) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлейді және оны колдану тәжірибесін жинап көрітады;

139) тауар нарықтарының жұмыс істеуі, бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі;

140) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мыналар:

бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік саясатың негізгі бағыттары; реттеуші органмен бірлесіп мемлекеттің бағаны реттеуді енгізуге қажетті тауарлар номенклатурасы бойынша ұсыныстарады

енгізеді;

141) монопольды табысты айқындау ережесін, монопольды жоғары (төмен) бағаларды белгілеуді бекітеді;

142) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзуға монополияға қарсы дең қою шараларын колданудың ережесін бекітеді;

143) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерінің келісімдерін (келісілген іс-кимылдарын) анықтау жөніндегі ұყсак улықты бекітеді;

144) тауар нарықтарын талдау бойынша мемлекеттік органдар, нарық субъектілері және олардың бірлестіктері ұсынатаң деректер нысандарын белгілейді;

145) тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйін талдау және бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітеді;

146) тиісті тауар нарықтарының шекараларын айқындайды;

147) қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдың бірлесіп, қаржылық ұйымдардың қатысуымен экономикалық шоғырлануға рұқсат алу үшін қаржылық ұйымдардың активтер құнының мөлшерін немесе жеке капиталдың шамасын белгілейді;

148) экономикалық шоғырлануға рұқсат туралы ұсынымдарды ұсыну мен қараша және экономикалық шоғырлануға рұқсат беру тәртібін белгілейді;

149) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді.

14. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ведомствоға мыналар бойынша функциялар жүктелуі мүмкін:

1) реттелетін салада, оның ішінде, тау-кен-металлургиялық, химия, өндеуші, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпте, ірі ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және қорғаныс өнеркәсібі, құрылыш материалдары өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ сауданы дамыту саласы, құрылыш және тұрғын үй коммуналдық сала, техникалық реттеу және өлшем бірліктері, ғылыми-технологиялық, инновациялық және инвестициялық қызмет, қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) тауар биржаларының тізілімін жүргізу;

3) биржалар туралы заңнаманы сактауды бақылау;

4) тарифтік квоталарды қолданудың орындылығы туралы корытындыны әзірлеу;

5) республикалық көрмелер мен жәрменкелерді өткізуі үйімдастыру және қатысу;

6) демпингтің және материалдық залалдың немесе оны келтіру залалының болуын белгілеу және демпингке қарсы шаралар енгізу қажеттілігі жөнінде демпингке қарсы талқылауды жүзеге асыру;

7) демпингке қарсы талқылау рәсімінің басталуы туралы немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдау;

8) демпингке қарсы талқылау жөніндегі істі жүргізуін тәртібін белгілеу;

9) демпингтің бар болуы және оларға материалдық зиян келтіру немесе оны келтірудің қаупі туралы алдын ала айқынданаманы шығару;

10) демпингке қарсы бажды қайта қарауды дайындау рәсімін жүзеге асыру;

11) елеулі залал келтіру фактісі бойынша жеткізуілердің сауда тәжірибесіне мониторингті жүзеге асыру;

12) талқылауды жүргізуін орындылығы туралы не саудада елеулі зиянның бар екендігін анықтау немесе оны келтірудің қаупі және қорғау шараларын енгізуін туралы корытынды дайындау;

13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша, сондай-ақ отандық өндірушінің немесе өндірушілер бірлестіктерінің өтінімдері бойынша әзірленген корытындының негізінде елеулі залалдың болуы немесе саудаға елеулі залал келу қаупі және қорғау шараларын енгізу қажеттігін белгілеу жөнінде талқылауды бастава туралы шешім қабылдау;

14) елеулі залалдың болуы немесе саудаға елеулі залал келу қаупі және қорғау шараларын енгізу қажеттігін белгілеу жөнінде талқылауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

15) елеулі залалдың болуы немесе саудаға елеулі залал келу қаупі және қорғау шараларын енгізу қажеттігін белгілеу жөнінде талқылауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

16) "Субсидиялар және өтем шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауда және өндірістік қызметтің мониторингін жүзеге асыру;

17) материалдық залал келтірудің болуын немесе көтерін және өтемдік шараптар қажеттілгін белгілеу жөніндегі талқылауды жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің уақытша өтемдік шараптар енгізу туралы шешім қабылдауы үшін шетелдік мемлекет (шетелдік мемлекеттер одағы) субсидиялайтын тауар импорттының болуы және олардың материалдық залал келтіргені немесе оның келтіру қаупі туралы алдын ала қорытындыны шығару;

19) шетелдік мемлекет (шетелдік мемлекеттер одағы) субсидиялайтын тауар импортты кезінде отандық өндірушілерге келтірген материалдық залалдың болуын белгілеу және шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялайтын тауар импортты мен ол келтірген материалдық залал немесе оның қаупі арасындағы себептік-салдарлық байланысты белгілеу;

20) тауарлары талқылау мәні болып табылатын шет мемлекеттер (шет мемлекеттер одағы) өтініші бойынша талқылауды бастау немесе жүргізу үшін пайдаланылатын құпия емес ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат ету;

21) "Субсидиялар және өтем шарапары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда талқылау ресімін бастаудан бас тарту туралы шешім қабылдау;

22) жеткізуші ұсынған бағалар бойынша кімнің міндеттемесі қабылданған болса, бағалар бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалғаны туралы деректердің дұрыстығын тексеруді жүргізу;

23) өтем баждарын енгізумен мұдделері қолайсыз қозғалуы мүмкін шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидияланатын импортталатын тауарларын пайдаланатын жергілікті мұдделі тұлғалардың пікірлерін ескере отырып, оны енгізу үшін барлық талаптар орындалған жағдайда өтемдік баждарды енгізуіндегі орындылығы туралы шешім қабылдау;

24) өз бастамасы бойынша немесе мұдделі тұлғалардың негізделген ұсынымының негізінде өтемдік баждарды қайта қарасты жүзеге асыру;

25) өтемдік шарапардың дара мөлшерін айқындау;

26) демпингке қарсы заңнамаға және субсидиялар мен өтемдік шарапар туралы заңнамаға сәйкес бағалар бойынша міндеттемелердің орындауды бакылау;

27) шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялайтын тауар импорттың бақылау;

28) инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

29) технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеуді жүзеге асыру;

30) арнағы экономикалық аймақтар қорында және қалыптастыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

31) арнағы экономикалық аймақтардың аумағында жер участкерін пайдаланғаны үшін төлем сомасын келісу;

32) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

33) Қазақстан Республикасының аумағында химиялық өнімді тіркеу және оның есебін жүргізу;

34) өз құзыреті шегінде химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласында заңнамада белгіленген талаптардың сақталуын бакылау;

35) химиялық өнімдердің өтініш берушінің (өндірушінің, жеткізушінің, импорттаушының) ұсынған ақпараттары негізінде адамның денсаулығы мен өміріне, қоршаган орта үшін қөтерін бағалауды тексеру;

36) "Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімдердің өміршендігінің бір немесе бірнеше процестерін тоқтата түрү туралы нұсқамалар беру;

37) өз құзыреті шенберінде машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамада белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау;

38) "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды өндіру, өткізу мен нарықтағы айналымын тоқтата түрү туралы нұсқамалар беру;

39) жер қойнауын пайдаланушылардан және (немесе) жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге үәкілеттік берілген тұлғалардан жүргізілетін және жүргізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты сұрау;

40) жер қойнауын пайдаланушылардың олардың қазақстанда шығарылған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы бөлігінде мониторингті жүзеге асыруға қатысу;

41) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің және оларды шығарушылардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ, осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалаудың өлшемдерін өзірлеу;

42) белгіленген тәртіппен мемлекеттік заттай гранттарды беру туралы шешімдер қабылдау;

43) инвестициялық преференцияларды беру туралы шешім қабылдау;

44) инвестициялық преференциялар беруге өтінімдер қабылдау және тіркеу;

- 45) инвестициялық преференциялар беруге келісім-шарттар жасасу, тіркеу және бұзу;
- 46) инвестиациялық преференцияларды беруге арналған келісім-шарттар талаптарының сакталуын бақылау;
- 47) экспорттық бақылаудың фирмамішлік жүйелерін құруда үйымдарға жәрдемдесу және оларға қажетті ақпараттық - әдістемелік жәрдем көрсету;
- 48) кепілдемелік міндеттемелер (түпкілікті пайдаланушының сертификаттары) беру;
- 49) өнімдер транзитіне рұқсаттар беру;
- 50) өтінім берушіге және мұдделі мемлекеттік органдарға тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, қызметтерді, ақпараттарды экспорттық бақылауға жататын өнімдерге жатқызу туралы қорытынды беру;
- 51) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс өнімдерді қайта өндеуге рұқсат беру;
- 52) кепілдемелік міндеттемелерге (түпкілікті пайдаланушының сертификаттарға) сүйене отырып Қазақстан Республикасынан шығарылатын өнімнің кері экспортына рұқсат беру;
- 53) сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңының 6-бабында көрсетілген тізбелердің қолданысына түсіптің тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызметтермен, зияткерлік қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен рұқсат беру;
- 54) корғаныстық тапсырыстың міндеттерін орындау жұмыстарын үйымдастыруды бақылау;
- 55) белгіленген құзыret шектерінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс өнімдердің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, транзитін және қайта өнделуін бақылау;
- 56) экспорттық бақылау жүйесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлесіп, экспорттық бақылауға жататын өнімдерін тиесінде алдындағы кезеңде және түпкілікті пайдалануда қажет болғанда тексеруді жүзеге а с ы р у ;
- 57) қару-жарао, әскери техника және қарудың жекелеген түрлері, жарылғыш заттар мен оларды қолдану арқылы жасалған бұйымдар айналымы саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;
- 58) уларды өндіру, өндеу, сатып алу, сактау, іске асыру, пайдалану, жою бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге а с ы р у ;
- 59) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасына сәйкес өнімнің экспорты мен импортын лицензиялауды жүзеге а с ы р у ;
- 60) мемлекеттік құрылys инспекторларын аттестаттау;
- 61) республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылysы кадастрын жургізуі үйымдастыру;
- 62) белгіленген тәртіппен құрылystағы мемлекетаралық (халықаралық) және мемлекеттік стандарттарды әзірлеу;
- 63) белгіленген тәртіпте сәулет, қала құрылysы және құрылys қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарды әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу;
- 64) астана әкімдігімен келісім бойынша астананың және қала маңы аймақтарында қолданылатын сәулет, қала құрылysы және құрылys қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтер (мемлекеттік нормативтік құжаттар) жобаларын б е к і т у ;
- 65) авторлық қадағалауды үйымдастыру және жүргізу тәртібінің мемлекеттік нормативтік құжаттарын белгілеу;
- 66) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аумақтық дамудың өнірарапалық схемаларын әзірлеуге тапсырысты жүзеге а с ы р у ;
- 67) республикалық маңызы бар қалалар, сондай-ақ халқының саны жұз мыңдан астам өзге қалалар шекараларының (шектерінің) жобаларын келісуді жүзеге асыру;
- 68) шағын елді мекендерді салу мен дамытудың құрамын айқындау және схемаларын ұстau;
- 69) құрылys үшін жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаларды әзірлеуге тапсырмаларға нормативтік талаптарды б е к і т у ;
- 70) республикалық маңызы бар объектілер бойынша (құрылys-монтаждау жұмыстарын өндіру) жобаны іске асыруды б а с т а у ү ш i n рұқсат беру;
- 71) жобаны (құрылys-монтаждау жұмыстарын өндіру) іске асыруды бастау үшін рұқсат алуға қажетті құжаттардың тізбесін белгілеу тәртібін айқындау;
- 72) бағалы сәулет-қала құрылysы мұраларын сактау, сәулет пен қала құрылysында ұлттық және мәдени дәстүрлерді дамытуды ескере отырып, аумақтарды және елді мекендерді игеру және дамытудың басым бағыттары бойынша бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ету;
- 73) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетіндерді қоспағанда, мемлекеттік, өнірарапалық немесе мемлекетаралық (халықаралық) маңызды объектілерді құруға (аумақтарды салуға) қала құрылysы, сәулет-құрылystық және басқа да жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаларды қарастыру және бекіту;
- 74) жұз мыңдан асатын тұрғындардың есептік санымен республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы

бар калалардың бас жобаларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де кала құрылышы құжаттамаларының кешенді қала құрылыштық сараптамасын ұйымдастыру және өткізу;

75) жобалық құжаттама сапасына, жобалардың мемлекеттік сараптамасын басқаруға қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

76) республикалық маңызы бар объектілері құрылыш сапасына, олар бойынша құрылыш-монтаж жұмыстарының өндірісіне рұқсат беруді ресімдеуге және беруге, осы құрылыштарды қала құрылышы және сәулет құрылыш тәртібін бұзушыларға заңнамалық актілерде белгіленген әкімшілік шараларын қолдануға мемлекеттік сәулет-құрылыш бакылауын жүзеге асыру;

77) республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрының жүргізілуін бакылау;

78) жергілікті атқарушы органдардың қызметін сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы, сондай-ақ облыстық және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастры қызметтерін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

79) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындау саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

80) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттермен, техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасу;

81) техникалық реттеу саласындағы заңды тұлғаларды аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асыру;

82) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізуі ұйымдастыру;

83) өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарды бекіту;

84) өлшем құралдарына, әдістеріне және нәтижелеріне, өлшем құралдарын тексеру әдістемелеріне жалпы метрологиялық талаптарды айналдау;

85) өлшем құралдарын тексеру және калибрлеу нәтижелерін салыстыруды ұйымдастыру;

86) өлшем құралдарының үлгісін бекіту туралы шешім қабылдау;

87) өлшем құралдарының үлгісін бекіту белгісінің нысанын белгілеу;

88) өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізуі ұйымдастыру;

89) өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы аккредиттеу бойынша жұмысты лицензиялауды және ұйымдастыруды жүзеге асыру;

90) өлшем құралдарын өндіру және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

91) мемлекеттік емес сарапшылық орталықтарын аккредиттеу және сарапшыларды аттестаттауды жүргізу;

92) сәйкестігін раставу, тауардың шыққан елін айқындау, аккредиттеу, сондай-ақ оларды кәсіби даярлауды және қайта даярлау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттауды ұйымдастыру;

93) саудадагы техникалық тосқауылдар, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі Акпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

94) мемлекеттік, халықаралық, өнірлік стандарттарды, шетел мемлекеттерінің стандарттарын, стандарттау, сәйкестікті раставу және аккредиттеу жөніндегі ережелер мен ұсынымдарды ресми басылымдарда басуды және таратуды ұйымдастыру, олар туралы ақпаратты жариялады;

95) зертханааралық салыстырмалы сынау (салыстыру) жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

96) техникалық регламенттермен белгіленген талаптарды сактауды мемлекеттік бақылау және қадағалауды жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

97) өнімдерді таңбалауды бақылауды жүзеге асыру;

98) ойыншықтардың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген құзыret шегінде техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

99) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау;

100) тамақ өнімдерінің санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қадағалауға жататын рәсімдерін коспағанда, оны іске асырудың сатысында тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

101) мемлекеттік метрологиялық қадағалауды және бақылауды ұйымдастыру және өткізу;

102) стандарттау, сәйкестікті раставу және аккредиттеу саласындағы шағымдарды (апелляцияларды) карау үшін апелляциялық комиссия құралы;

103) басқа ұйымдар шыгарған сәйкестікті раставу мәселелері егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына жауап бермейтін болса, құжаттарды жоу туралы ұсыныстарап дайындау;

104) Техника-экономикалық ақпараттарды мемлекеттік сыйыптаушылардың тізілімін жүргізу;

- 105) Қазақстан Республикасында техника-экономикалық ақпараттарды сыйншыту мен кодтау жүйесін жұмыс істетуді күргуга және бақылау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді белгілеу;
- 106) кәсіпкерлікті дамыту негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 107) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бакылау;
- 108) реттеуіш органға заңнамалық актілерді бұзуға жол берген нарық субъектілерінің кесімді бағаларын енгізу туралы ұсынымдар енгізу;
- 109) тауар нарығы жай-күйінің, ондағы бәсекелестіктің деңгейін зерделеу және осы негізде монополиялық қызметтің алдын алу, шектеу және жолын кесу жөніндегі шараларын әзірлеу;
- 110) тиісті тауар нарыктарында ұstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізу;
- 111) тиісті тауар нарыктарында ұstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің Мемлекеттік тіzlіmін жүргізу;
- 112) "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардың, нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын сақтау мәселелері бойынша тексерулер жүргізу;
- 113) орындалуы міндettі болатын нарық субъектілеріне мыналар:
- "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзуларды тоқтату және (немесе) олардың салдарын жою; бастапқы жағдайды қалпына келтіру;
- "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы шарттарды бұзу немесе өзгерту;
- басқа да нарық субъектілерімен шарт жасасу;
- тұтынушыларға залалды өтеу және (немесе) бюджетке монопольды кірісті аудару туралы үйгарымдар беру;
- 114) мемлекеттік органдарға орындалуы міндettі олар қабылдаған шешімдерді бұзу немесе өзгерту туралы, заң бұзуларды тоқтату туралы үйгарымдар беру, сондай-ақ "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы шарттарды бұзу немесе өзгерту;
- 115) бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу саласында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіpte әкімшілік жазалар қолдану;
- 116) талап-арыздармен және өтініштермен сотқа жүгіну, сондай-ақ Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын қолданумен және оны бұзумен байланысты істерді соттар қараған кезде процеске қатысу;
- 117) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуымен байланысты қылмыстардың белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды жіберу;
- 118) мемлекеттік органдардың, нарық субъектілерінің және олардың лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзуды тергеу жүргізу;
- 119) экономикалық шоғырлану үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 120) "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда нарық субъектілерін мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді алдын ала келісу;
- 121) монополияға қарсы заңнама талаптарына қайшы экономикалық шоғырлануға жол бермеуді қамтамасыз ету;
- 122) мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге бағытталған актілерін, әрекеттерінің (әрекетсіздіктерін) тиу;
- 123) тиісті тауар нарығында ұstem (монополиялық) жағдайды теріс пайдаланудың алдын алуды және жоюды қамтамасыз ету;
- 124) бәсекеге қарсы, жосықсыз бәсекелестікті болдырмау және тиуды жүзеге асыру.

3. Министрліктің қызметін үйлемдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын Министр басқарады.
- Министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастырын және босататын Министрдің орынбасарлары (Вице-Министрлері) болады.
17. Министр Министрлікке жүктелген міндettterді орындауға және оларға өз функцияларын жүзеге асыруна басшылықты жүзеге асырады және дербес жауапты болады.

- 2) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды;
- 3) ведомстволардың өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету құзыреттілігін және тәртібін айқындайды;
- 4) өз қызметінде оның бакылаудағы ведомстволар басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 5) жауапты хатшының келісімі бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтеген босатады;
- 6) ведомстволар актілерінің әрекетін толықтай немесе жартылай тоқтатады немесе тоқтата түрады;
- 7) Министрдің бұйрықтарына қол қояды;
- 8) Министрлікті Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда білдіреді;
- 9) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;
- 10) Министрлікке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және қол қояды;
- 11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
19. Министрлік қабылдайтын шешімдер Министрдің бұйрығымен ресімделеді.
20. Министрлік аппаратын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындаудын және қызметтен босататын жауапты хатшы басқарады.
21. Үкімет, Министр отставага шықкан жағдайда жауапты хатшының өкілеттігі тоқтатылмайды.
22. Жауапты хатшы өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Президентіне, Премьер-Министрге, Министрге есеп беруі тиіс.
23. Жауапты хатшы :
- 1) Министр қалыптастыратын саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және оның актілері мен тапсырмаларын орындауды;
- 2) Министрлік аппаратына басшылықты жүзеге асырады: оның болімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және басқалайды;
- 3) Министрлік қызметін ақпараттық-тадамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 4) Министрдің келісімінен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Министрліктің штат санының лимиті шегінде Министрліктің, ведомстволардың құрылымын және штат санын бекітеді;
- 5) Министрдің келісімінен кейін Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 6) Министрліктің тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, кадр қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды басқалайды;
- 7) Министрліктің қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алушуды өткізуі ұйымдастырады;
- 8) Министрдің келісімінен кейін Министрлік департаменттері мен басқармалары басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтеген босатады;
- 9) Министрмен комитеттердің басшылары тағайындау үшін ұсынатын комитеттер басшыларына орынбасарларын тағайындауды келіседі;
- 10) еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрган мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 11) Министрмен келісім бойынша Министрлік қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелебеу, ұстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;
- 12) Министрмен келісім бойынша еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрган мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, орталық атқарушы органдар қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселелерді шешеді;
- 13) Министрліктің Республика Президенті, Республика Үкіметі және Министр бекіткен стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 14) органның жыл сайынғы жұмыс жоспарын және оның қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді және Министрге бекітуге ұсынады;
- 15) Министрліктің бюджеттік өтінімін дайындауды, бюджеттік өтінімді оны Республикалық бюджеттік комиссияның қаруына енгізетін Министрге ұсынуды, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де ресімдерін орындауды қамтамасыз етеді;
- 16) Министрдің келісімінен кейін мемлекеттік органды қаржыландыру жоспарларын және қаржылық есептілігін

әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді;
17) мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттері мен стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады;
18) Министрліктің құзыretі шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;
19) Министрлікке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытындыны

дағындауды ұйымдастырады;

20) өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатанастарда Министрлік атынан
өкілдік етеді;

21) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жауапты
хатшыға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

24. Жауапты хатшы мыйналарға:

1) Министрлік аппаратының қызметкерлеріне орындауға міндettі тапсырмалар беруге;
2) өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан жауапты хатшының құзыretіне жатқызылған мәселелерді
шешу үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
3) жеке қолданылатын құқықтық актілерді қабылдауға құқылы.

25. Жауапты хатшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған жүктелген міндettтерді орындау үшін
жауапты болады.

26. Министрліктің Министрдің жаңындағы консультативті-кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның
саны мен дербес құрамын Министрлік құрылымдық бөлімшелері басшыларының ішінен министр бекітеді.

27. Министрлік қызметін ұйымдастырудың өзге мәселелері, лауазымды адамдарының құқықтары мен міндettтері,
олардың қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыretі мен өкілеттігі Министрлік жұмысының
регламентімен және Министрмен келісkenнен кейін жауапты хатшы бекітетін құрылымдық бөлімшелер туралы
ережелермен белгіленеді.

4. Министрліктің мүлкі

28. Министрлік жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие болады. Министрлік мүлкі оған мемлекет берген
мүлік есебінен қалыптасады және айналым құралының негізгі қорынан, сондай-ақ құны Министрліктің тенгерімінде
көрсетілетін өзге мүлік есебінен қалыптасады.

29. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық мешілкке жатады.

30. Егер заңда өзгедей белгіленбесе, Министрліктің оған бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары
бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге
құқығы жок.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

31. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге
асырылады.